

Тұрсынбек Кәкішев атындағы
Алтынды орта мектебі

Ашық сабақ

Тақырыбы: «Экономикалық есептер»

Мақсаты: Оқушылардың мазмұнды экономикалық есептер шешіп және оны салыстыра білу, экономика туралы ұғымдарын қалыптастыру, дағдыларын жетілдіру болды.

Бұл ашық сабақ 7 сыныпта қолданбалы курс бойынша өткізілген сабақ. Бұл сабақта оқушылар топ болып жұмыс істеп, еліміздің халқы, ауылшаруашылығы, экономикалық терминдер туралы білімдерін толықтыра түседі. Сабақ саяхат түрінде өтеді. Саяхатқа шығу үшін әр топ өз білімдерін көрсетіп, поездға билет алуы керек. Оқушыларға жас экономистер ретінде «Болашақта біздің мектеп » тақырыбында мектептің экономикалық салада даму деңгейін ой ойларымен жеткізу тапсырылады.

Дайындаған: Манав Р.

2013 оқу жылы





Тұрсынбек Кәкішев атындағы
Алтынды орта мектебі

“Экономикалық есептер”



АТТЫ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫН

7 сынып





Математика сырлары,
Қызықтырды біздерді.
Ойынға бірге қатысуға,
Шақырамыз сіздерді





1. Арифметика математиканың, ал математика ғылымдардың патшасы.

(К.Гаусс)



2. Ақыл-ойды тәртіпке келтіретін математика.

(М.В.Ломоносов)

3. Математика – барлық ғылымдардың тұңғышы және оларға пайдалы да, қажет те.
(Р.Бэкон)



Топтар





**Көкшетау-Астана
бағытындағы
“Экономика”
поезы**



I. Касса.

II. Танысу бекеті

III. Жас экономисттер бекеті

IV. Адасқан әріптер бекеті

V. «Сөз жұмбақ» бекеті

VI. Сырлы сандық құпиясы бекеті .

VII. Мектеп бекеті.



1.КАССА

Поезға билеттің құны

1) 15- 20 ҰПАЙ КУПЕГЕ

2)10-15 ҰПАЙ ПЛАЦКАРТҚА

3) 5-10 ҰПАЙ ЖАЛПЫ ВАГОНҒА

Ауызша есептеу

Қатесін табыңдар:

1. $3x(x-3)=3x^2-6x$;

2. $2x+3xy=x(2+y)$;

3. $(8+3x)(2x-y)=16x-8y+6x+3xy$;

4. $4x^2-12x=4(x-3)$

1. $3x(x-3)=3x^2-9x$;

2. $2x+3xy=x(2+3y)$;

3. $(8+3x)(2x-y)=16x-8y+6x^2-3xy$;

4. $4x^2-12x=4x(x-3)$



2.Танысыу бекеті





I топ:

1 есеп.

2010 жылыдың 1 қаңтарында республикамызда жалпы халық саны 16 198 314 адамды құрады. Сол жылдың бірінші қарашасында халық саны 16 396 171 адамға жетті. Еліміздегі қалада тұратын халық саны 136 859 – ға көбейіп 8 948 448 –ге , ал ауылда тұратын халық саны 60 998 –ге көбейіп, 7 447 723 адамға жетті.

1. Осы аралықта халқымыздың саны қаншаға өсті?
2. 2010 жылдың 1 қаңтарында қалада тұратын халық саны мен ауылда тұратын халық саны қанша болған?

2 есеп.

$19,92 \cdot 4 \cdot 2 \cdot 12,5$ өрнегінің мәні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасының бекітілген жылы.



I топ

Дұрыс жауабы

1 есеп

1) 197 857 адамға өскен

2) 2010 жылы қалада тұратын халық саны – 8 811 589 адам.

Ауылда тұратын халық саны – 7 386 725 адам

2 есеп

1992 жыл


II топ:

1 есеп

2007 жылы дәнді дақылдар өнімділігі 13,6 ц/га болып, 20,1 млн тоннаны құрады. Бұл өнімділік 2006 жылға қарағанда 1,6 ц/га –ға артық және түскен пайда 3,6 млн тоннаға жоғары. Дәнді дақылдар өнімділігі және одан түскен пайда қанша пайызға артқан?

2 есеп

$19,91 \cdot 12,5 \cdot 8$ өрнегінің мәні Қазақстан Республикасының “Тәуелсіздік туралы” заңының шыққан жылы береді.



II топ
Дұрыс жауабы


1 есеп

- 1) 18 % -ке артқан
- 2) 12 % -ке артқан



2 есеп

1991жыл





Ш топқа:

1 есеп

Бидайды шетелге сату 2007 жылы 6,8 млн теңгені, ал ұнды шетелге сату 1,5 млн теңгені құрады. Бұл көрсеткіштер 2006 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 2,2 млн теңге және 339,9 мың теңгеге артық. Бидай мен ұнды шетелге сату қанша пайызға өскен?

2 есеп

$100 \cdot 19 + 25 \cdot 124 \cdot 0,03$ өрнегінің мәні Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясының қабылданған жылын береді.



Дұрыс жауабы.

III топ

1 есеп



1) бидай – 49% - га артқан

2) ұн – 30%- га артқан

2 есеп

1993 жылы





4. «Адасқан әріптер бекеті»

Әріптерден экономикалық сөздер құрыңдар.



* ұқн

* аржқы

* юлатав

* ашақ

* Лысақ

* ніөм



Дұрыс жауабы

- ҚҰН
- ҚАРЖЫ
- ВАЛЮТА
- АҚША
- САЛЫҚ
- ӨНІМ







Тренинг:

«Фигуралар сызу»

5.

Сөз жұмбақтар бекеті



Жауабы:

Құрастырған: Қожақметов Азиз

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|--|
| | | | | | | | | 5 | | | | | | 4 | |
| | | | | | | | | Г | | | | | | Ү | |
| | | | | | 1 | Д | ә | Р | е | ж | е | | | Ш | |
| | | | | | | | | Ф | | | | | | М | |
| | | | | | | | | ф | | | | | | Ү | |
| 3 | Г | е | о | м | е | т | р | и | я | | | | | Ш | |
| | | | | | | | 2 | К | ө | п | м | ү | ш | е | |



6.

Сырлы сандық құпиясы бекеті





1.Атадан 10 боламыз,
Бір-бір жастан арамыз.
Қосылып кейде басымыз,
Азайып кейде қаламыз.
Бөлініп кейде арамыз,
Көбейіп те аламыз.

(цифрлар)

2.Бүтін, бөлшек бөліктерден
Үтір айырып тұрады,
Осы санның кім біледі
Аты қандай болады?

(Ондық бөлшектер)

3.Түзудің бір бөлігі
Екі шеткі нүкте көрігі
Ұзындығы және бар
Айтшы сыйлық сенікі

(кесінді)

4.Нәрселерді санағанда
Керек ол бізге ауадай
Айтыңдаршы бұл қандай сан
Жаң-жағына қарамай?

(натурал сандар)




5.Санасаң сан жетпейтін нүктелерден,
Құралған фигура бар қарапайым.
Салу үшін сен оны сызғыш ізде,
Бұл не өзі, бар ма, сірә, дара пайым.

(түзу)

6.Дүниеде бүтін нәрсе бола бермейді
Көңілге армандаған қана бермейді.
Бүтін нәрсе бөлігін көрсететін,
Қандай сан бар, достарым, пікір демейді
(жай бөлшектер)






7. Мектеп бекеті





Болашақтағы біздің мектеп!





**Бүгінгі
сабақта
экономика туралы
не
білдім?**





Чемодан-

Алған ақпараттарымды
салып қойам
керек болады



Етмашина-

Ақпараттарды
әлі де
толықтырамын



Қоқыс жәшігі-

Ештеңе керек емес
қоқысқа тастаймын



Назарларыңызға

рахмет!

